



**«Педагогика ғылымы студенттердің көзімен»
халықаралық студенттік ғылыми-практикалық
конференциясының
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
международной студенческой научно-практической
конференции
«Педагогическая наука глазами студентов»**



Қостанай, 2019 ж.

Қостанай, 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

II 24

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Айдналиева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ташетов Аманжол Асқарұлы**, ғылым және халықаралық байланыстар бөлімінің бастығы, PhD докторы, психология және дефектология кафедрасының қауымдастырылған профессоры
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ермаганбетова Акбота Жаналыковна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі.

**II 24 ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨЗІМЕН
=ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА ГЛАЗАМИ СТУДЕНТОВ. – Қостанай,
2019. - 157 б.**

ISBN 978-601-7934-80-4

«Педагогика ғылымы студенттердің көзімен» атты халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

Жинаққа «Педагогика ғылымы студенттердің көзімен» атты студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Мақала авторлары: магистранттар мен студенттер білім беру үрдісінің сапасын арттырудың, білім беруді жаңғыртудың өзекті мәселелерін талқылады.

Осы жинақ студенттерге және магистранттарға арналған.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

арманға жеткізетін нақты мақсаттарымен жұмыс жасай алуы – оның болашағынан зор үміт күттіретін тұлға болуының кепілі. Қалыптастыру кезеңінде студенттермен жүргізілген бағдарламалық жұмыс біршама студенттердің ойын өзгертті. Студенттердің ой ерісі, адамгершілік, патриоттық тәрбиеге көз қарасы және қайырымдылық жасауға ынтасы күшейді. Студенттер материалдық құндылық емес, рухани құндылықтың әсері адам өмірі үшін маңызды екенін түсінгендей болды. Әрқашан әлеуметтік ортада белсенді болуға болады. Сонымен қатар, әрбір қайырымдылық шаралары үшін рахат алған студенттер барлық адамдар қайырымдылық пен айналысып, түрлі шараларға белсене ат салысса жер бетінде жаманшылық болмас еді деп тұжырымдады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. - Астана, АқОрда, 2017 жылғы 12 сәуір. 31 б, 2б.

КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНЕ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДЕ “ТУҒАН ЖЕР” АТТЫ ҰЛТТЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ІСКЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Нуржигитова Меруерт Қыдыралықызы,
ҚМПУ Педагогика және психология 4 курс студенті
Қостанай қ.
Утегенова Бибикуль Мазановна
п.ғ.к., доцент
Қостанай қ.
bibi1960@mail.ru

Аннотация

Өзектілігі. Мақсаты. Бұл мақалада колледж студенттерінің патриоттық қасиеттерін қалаптастыруды негізге ала отырып, колледж студенттерінің бойына патриоттық тәрбие берудің бағыттарын қарастыру. Бүгінгі жас ұрпақ-болашақ Қазақстан азаматы. Қай халықта да ұрпағының тәрбиесіне терең мән беріп, болашағына үнемі алаңдаушылықпен қараған.

Аннотация

Актуальность. Цель. В данной статье рассматриваются направления патриотического воспитания студентов колледжа, основанные на патриотических качествах студентов колледжа. Сегодняшнее молодое поколение является гражданином Казахстана. В каждой стране он всегда уделял большое внимание воспитанию своих детей, и он всегда беспокоился о будущем. Вот почему перспектива является наиболее важной проблемой, потому что это молодой человек, который является молодым человеком, который является сознательным, здоровым, энергичным, чувствительным, образованным.

Abstract

Relevance. Goal. This article discusses the direction of patriotic education of college students, based on the patriotic qualities of college students. Today's younger generation is a citizen of Kazakhstan. In each country, he always paid great attention to raising his children, and he was always worried about the future. That is why perspective is the most important issue, because it is a young man who is a young man who is conscious, healthy, energetic, sensitive, educated.

Тірек сөздер: патриотизм, отансүйгіштік.

Ключевые слова: патриотизм.

Keywords: patriotism.

Патриотизм - [грек, patris - отан, атамекен] – өзінің жеке және топтық мүдделерін жалпыелдің мүдделеріне бағындыратын, оған адал қызмет етіп, өз Отанын қорғауды мақсат тұтатын, Атамекеніне деген терең сүйіспеншілік сезімі деген мағынаны білдіреді.

Қазіргі кезде патриотизмнің басты құрамдас бөлігі ретінде, өз халқының тарихын, өнегелі жақтарын білу, өз елінің, жұртының кешегі және бүгінгі қаһармандарын мақтаныш ету, олардың ерлігіне тағзым ету, жаужүрек бабалар рухына сай ұрпақ болып қалыптасу керек.[1]

Зерттеу мақсаты: «Туған жер» бағдарламасы арқылы колледж студент жастарының бойына патриоттық тәрбиенің маңызын ұғындыру.
Зерттеу нысаны:«Туған жер» бағдарламасы бойынша студенттерге патриоттық тәрбие беру.

Зерттеу пәні : Туған өлкесіне деген патриоттық сезімін дамытуды зерттеу.

Зерттеу міндеттері:

- 1.«Туған жер» бағдарламасы бойынша студенттерді тәрбиелеуге бағыт беру.
- 2.Туған жер бағдарламасының мазмұнын қазіргі колледж студенттерге патриоттық тәрбие беруде анықтау.
- 3.Колледжде патриоттыққа тәрбиелеудің тәжірибелік жұмыстарының талаптарын көрсетіп, нәтижелері мен қорытындыларын шығару.

Зерттеу болжамы:Жоғары оқу орындарында студенттерге патриоттық тәрбие беру ерекшеліктерін анықтап, патриоттық тәрбие моделін жасап, оқу-тәрбие процесіне енсе, патриоттық тәрбие тиімділігі артады, себебі патриоттық тәрбие қоғамның өзекті мәселесі екені белгілі.

Негізі жастардың алға қарай талпынысы, дүниеге көзқарасы, білімге құштарлығы қуантарлық жағдай. Қазіргі қоғамның талабына сай өмір сүргісі келетінін құптауымыз керек. Олай дейтін себебіміз, біріншіден, жастарға негізі желікпелік тән. Мысал ретінде айтатын болсақ, алға қарай ұмтылып, шауып бара жатқан жүз жастың тоқсанында желікпелік басым, ал қалғанында белгілі бір мақсат бар. Сондықтан оларды желікпе және мақсатты жастар деп бөлуге болады. Екіншіден, қазірде еліміздің басына күн туып, әрине, бетін аулақ қылсын, еліміз ауыр кезенді басынан өткізіп жатқан жоқ. Сондықтан бүгінгі жастар патриотизм ұғымын терең түсіне бермейді, әлі отансүйгіштіктің қадіріне жете қойған жоқ. Өзі әр нәрсенің дәмін татпай, адам баласы біле бермейді. Сол сияқты бүгінгі жастар отанға деген сүйіспеншілікті сезінген жоқ, тек сөз жүзінде ғана айтыпжүр. Олардың елдік мәселеге келгенде әрекетсіздік танытатыны сондықтан. Өмірден өз-өзін іздеп тапқан адам бақытты. Өз-өзін таппаған адам бұл өмірде шатаса береді. Сол себептен де жастар өз-өздерін тауып, туған елге, жерге, отанға деген адал қызметтері мен міндеттерін орындау керек.

Қазақстан Республикасы білім беруді дамытуда2016-2019жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Соған орай білім берудің өзекті мәселесі де – жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, елін сүйген патриот тұлға қалыптастыру мен дамытуға жағдайлар жасау оның туған кезінен басталуы керек. Сондықтан, баланың баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни, адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен ұстаз шешуші рөл атқарады. Еліміздің болашағы жас ұрпақты жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік –отбасы тәрбиесі болса, екінші бесік – білім беру мекемесі.[2]

Отансүйгіштік сезімі – туа біте пайда болады. Баланың бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, содан

есейе келе біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына жалғасып жатады. Сол себепті де, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеп шығуымыз үшін, отбасынан бастау алатын тәрбиелік үрдістің желісін бұзып алмай, мектеп қабырғасында да, өзіндік жалғасын табуы қажет. Мәселен, оқушыларға сабақ барысында елін қадірлеуге, ата-ананы сүйуге, Отанын құрметтеуге баулитын шығармаларды оқытып отырған жөн. Себебі, туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, отансүйгіштіктің керемет үлгілерін көреміз. Бүгінгі күні егеменді ел болып, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі – ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігінің арқасы. Тарихи мәліметтерден байқайтынымыздай, жоңғар шапқыншылығы кезі мен одан беретіндегі ұлт азаттық көтерілісін алып қарасақ, ондағы батырлардың ешқайсы Отаны дегенде қысық қаны қалғанша тартынбай күресіп өткен. Елін, жерін, Отанын қорғауда жанын, тәнін аяп қарап қалмаған. Мысалы, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» сияқты эпостық жырлардан – қазақ халқының жаугершілік замандағы елін бүтін, жерін алақөзден сақтап қалуы туралы суреттелсе, ал Махамбеттің «Жұмыр қылыш» күйі, «Баймағанбет сұлтанға айтқаны», «Ереуіл атқа ер салмай», «Ұл туса», «Әй, Махамбет жолдасым» сынды жырларынан ұлттық рухтың серпілісі мен ел қамын күйттеген патриот тұлғасын көреміз. Мұндай туған елді, ұлтын сүйе тақырыбында ХІХ ғасырдың жазушыларының шығармаларынан Абайдың «Қайран елім, қазағым, қайран жұртым», т.с.с, Мағжан Жұмабаевтың елді сүйе, оған қызмет ету тақырыбында көптеген шығармалар жазған. Мысалы, «Мен сүйемін». Осындай тақырыптарда С.Торайғыровтың «Туған еліме», «Шәкірттерге», т.б. атты туындыларын атап өтсек болады. Кейінгі 20 ғасырлардағы ақын-жазушылар да патриоттық тақырыпқа арнап жазған туындылары өте көп. Ол кездегі шығармалар арқылы ата-бабадан қалған ұлан-байтақ жері мен ұлтын өзгелерге талан-таражаға түспеу қағидасын мақсат еткен тұлғалардың үндеуін байқаймыз. Мысалы, Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділірі», Тахауи Ахтановтың «Күткен күн», Ғабит Мүсіреповтың «Қазақ солдатты» романы, Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» Қасым Қайсеновтың «Ажал аузынан», «Жау тылында», «Партизан соқпақтары», Баубек Бұлқышевтың «Шығыс ұлына хаты», тағы да Жамбыл Жабаевтың және Қазақстанның Халық Қаһарманы батыр Бауыржан Момышұлының кейінгі ұрпақ, бізге үлгі етіп қалдырып кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармаларының алатын орны да ерекше. Сонымен қатар, Б.Момышұлы: «Патриотизм – Отанға, (мемлекетке) деген сүйіспеншілік, жеке адамның қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекеттік нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды, жеке адаммен, яғни өткенімен, бүгінгі күнмен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді», дегендей, ұлтжандылық тәрбиені сабақ процесінде де, сабақтан тыс тәрбие саласында да үзбей беру өте қажет.

Осы ойларды қорыта келгенде, жастардың бойында ұлтжандылық қасиеттерін арттыру мынадай тәрбиелік ұстанымдар бойынша іске асуы тиіс:

– Күні ертең жеткіншектердің елін, жерін сүйетін намысшыл азамат болуын ойластыру. Бұл алдымен, қадірлі қариялардың, көпке сыйлы үлкендердің бата-тілектерінде, қазақы салт-дәстүр мен ырым-жораларында өзекті орын алады;

– Ертегі маман, бүгінгі оқушыны еңбексүйгіш, елгезек азамат етіп тәрбиелеу. Бұл мақсаттағы ой-пікірлер қазақтың халық шығармашылығында мол кездеседі.

– «Бірінші байлық - денсаулық» деген қағиданы пір тұтқан халқымыз тән сұлулыққа ерекше мән берген. «Тәні саудың – жаны сау!», «Ауру – астан», «Тән жарасы мен жан жарасы егіз» деп дене саулығына көңіл бөлген эстетикалық тәрбиеге баулу;

– Халқымыз патриотизмнің ықпалы арқылы ұрпақ бойындағы ізгі адамгершілік қасиеттерді орнықтыруға парасат иесі етіп тәрбиелеуге ұмтылған, ізгілікке, адалдыққа, ар-ожданды қастерлеуге, уәдеге берік болуға тәрбиелеген. «жаным – арымның садағасы», «Жан сақтама, ар сақта», «Тәні сұлу – сұлу емес, жаны сұлу – сұлу» деп арды, адалдық

пен қасиетті бәрінен жоғары қойған адамгершілік пен мораль қағидаларын бойларына сіңіру;

– Патриоттық сезімнен ажыратып алғысыз гуманизм – ұлттық тәрбиенің басты қағидаларының бірі. «Отан отбасынан басталады» деген даналыққа ұйыған халқымыз ұрпағын ата-ананы, үлкендер мен кішілерді құрметтеуге, елдің, халықтың қамқоршысы болуға үндеген. Осы арқылы сыйластық әдебін, құрметтеу қасиеттерін дарыту;

– «Білім – таусылмас кен, өнер – өлмес мұра», «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады», «Ақыл көпке жеткізер, өнер көкке жеткізер», «Оқу – білім бұлағы, Білім – өмір шырағы», т.б. көптеген мақал-мәтелдер тудырған халқымыз осынау құндылықтар, өнер мен ғылым – тіршіліктің тұтқасы, өмір шамшырағы деп білген. Сондықтан, халқымыздың өте бай ауыз әдебиетті нұсқаларындағы мақал-мәтелдердің мән-мағынасын өскелең, ұрпаққа насихаттап, санасына сіңіріп отыру қажет;

– Адам өмірі табиғат аясында өтетін болғандықтан, бабаларымыз ғұмыр бойы табиғатты аялауды мұрат тұтқан. Бүкіләлемдік тіршіліктің, құдіреттің төрт түрі бар. Олар: Күн-ана, Жер-ана, ауа мен су. Егер осы төрт негіздің біреуі болмаса, тіршілік тоқтайды. Сондықтан да, адамзат күнді, жерді анадай ардақтайды, жер мен судың әулиелігін қастерлеп, әрекет жасап, қызығын көреді. Ата-бабамыз да төрткіл дүние тірегін әрқашан қадір тұтып, қастерлеп өткен. Мұның астарында біріншіден, адамзат – табиғаттың баласы, сондықтан қажетінше құрметпен қарауы тиіс деген қағида жатса, екіншіден, қасиетті ұрады, кесірі тиеді тиеді деген ескертпе бар. Сондықтан да, ұрпағына аманат етіп, «Көкке аяғынды көтерме», «Су ішкен құдығыңа түкірме», деген сынды көптеген ырым-тиымдар қалдырған.

Осылардың барлығы жастардың патриоттық тәрбиелігінің даму деңгейлері мен өмірдегі әртүрлі әлеуметтік жағдайларда дұрыс адамгершілікті мінез-құлықтарының көрсетіп, нақтылы қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туғызды.[3]

Елбасымыз өзінің «Болашаққа бағдар : рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасының ұсынып, жас ұрпақтың бойына сүйіспеншілік , патриоттық сезімді қалыптастыру керектігін атап өтті. Мақаланың басты бөлігі туған жердің ұлттық құндылықтарын қадірлеуге арналған. Иә, туған жерге деген сүйіспеншілік туған тарихыңды тереңінен танудан басталады.

«Туған жер» деген кезде әрбір азаматтың, әрбір адамның жүрегінде тулаған шабыт пен сезім ұлайтыны анық. Себебі, адам өзінің туған жерінің перзенті, сол даланың, сол жердің, сол мекеннің бір бөлігі.[4]

Ел президенті бұл бағдарламаның мәні деп үш ерекшелікті атап көрсетеді.

«Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді». Бірінші мәселе бойынша қойылған міндеттер елімізде жедел орындалуда. Бұл бағдарламаның тек қана айтылып емес, жүзеге асып жатқанын көрсетеді.

«Екінші, басқа аймақтарға көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпа, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау керек. Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезім, ол әркімде болуы мүмкін. Оған тыйым салмай, керісінше, ынталандыруы керек».

Шет елде тарыдай шашырап жүрген қазақ азаматтарының басын бір Отанға жинау, олардың келуін қамтасыз ету жұмыстары да басталып кетті. Көші жинау, олардың келуін қамтамасыз ету жұмыстары да басталып кетті. Көші қон жұмыстары оң шешімін беріп, елге оралып жатқан қандастарымыздың саны жыл сайын артпаса, азайған емес. Қазірден өзінде шетте жүрсе де , ел үшін қам жеп, қазақтың атын шығарып, туын желбіретіп жүргендері қаншама.

«Үшінші, жергілікті билік» «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және бірізділікпен қолға алу. Бұл жұмысқа жай қарай салуға болмайды, оны мұқият ойластырып, халыққа дұрыс жағынан түсіндіру керек».

Қысқаша айтатын болса, «Туған жер» бағдарламасы жалпы ұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналуға. Батырлар мен ақындар бірі найзамен, бірі жырымен қорғап қалған ұлан байтақ даланың қазіргі иесі ретінде, әрбір Қазақ азаматы өзіне берілген міндетті абыроймен атқарып шығу керек.

Патриоттық тәрбиенің жүйелілік сипатына келетін болсақ, ол ең алдымен, рухты көтеру тәрбие мен патриоттық сана-сезімнің жүйесі арқылы айқындалады. Жүйелі патриоттық сана тұрғысынан алғанда, патриоттық тәрбие тәрбиенің идеялық-саяси, адамгершілік, құқықтық, эстетикалық және т.б. элементтерінсіз өмір сүре алмайды, патриоттық сана отанды өркендету мен қорғауға ішкі даярлық пен қабілетті қалыптастыруға белгілі бір әлеуметтік-саяси бағыт береді. Содан, патриоттық тәрбие басқа тәрбиенің барлық негізгі бағыттарымен бірге жүзеге асырылады.[5]

Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Мен жыл басындағы Халыққа жолдауымда Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жарияладым.

Осылайша, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған отыз елдің қатарына кіру. Осы мақсаттарымызға жету үшін біздің санамыз ісімізден озыпжүруі яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс.

Елбасымыз рухани жаңғырту үшін ұлттық сананы өзгертуден бастаған дұрыс дей келе, негізгі бірнеше бағытқа тоқталған болатын. Атап айтқанда табысқа жетудің бір жолы – бәсекеге қабілеттілік. Жеке адамның ғана емес, тұтас халықтың сапалы білім, ғылым, компьютерлік сауаттылық, тіл, қызмет, материалдық өніммен аймақтық не әлемдік нарыққа табан тіресе алуы бәсекеге қабілеттілікке алып келе алады. Бәсеке бар жерде жұмыс жүреді. Жұмыс бар жерде, өнім болады. Бәсекеге сөз жүзінде емес іс жүзінде кіріссек, дамудың көшіне ілесеміз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парастты пікірлері мен көзқарастарын білдірді. «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдесіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр... Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс– біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», -деп ел келешегіне үміт артады.

Қазақстандық патриоттық тәрбие бүгінгі өмірден оқшауланбайды, қайта жаңа өмірмен қауышып, ұлттық тәрбиеге жаңашыл мән береді. Ұлттық тәрбие дегеніміз ол оқшаулану емес, керісінше ұлттық тәрбие үлгілерімен әлемдік идеяларды қабылдап,ненің тозық, ненің озық екенін тани білу, өрісі, дүние – танымы кең азаматтарды тәрбиелеуге мүмкіндік болады деп түсіну қажет.

Заманға сай жаңғыру үшін осы бағыттарды жетік түсініп, ең алдымен санамызды өзгертуден бастауымыз керек. Үйреншекті жаман әдеттерден арылып, уақыттың талабына сай бейімделуіміз керек.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. Ендеше, рухани жаңғыру арқылы әлем мойындар табысты ел болып, жарқын болашаққа деген сенім мен үмітті үндестіре отырып, баршамыз бірлік туы астында бірге жүрік.

Оқу үрдісінде студенттерді отансүйгіштік тәрбиелеудің педагогикалық шарттары

– Оқу пәндері мазмұнын отансүйгіштікке тәрбиелеу мүмкіндіктерін анықтау және оларды мақсатты түрде пайдалану,

– Тәрбиелеуші оқыту қағидасын іске асырып, оқу үрдісінде тәрбиелеудің арнаы әдіс-тәсілдерін пайдалану,

– Болашақ мамандарды кәсіптік тәрбиелеуде патриоттық бағдарда жүзеге асыру,

– Оқыту процесінде ұлттық салт-дәстүрлерді пайдалану,
Жоғары оқу орындарында патриоттық сананың негізгі жүйесін мына ретте қалыптастыруға болады:

- ҚР рәміздерін құрметтеуге үйрету
- Ұлттық салт-дәстүрлерді дамыту
- Батыр, қаһарман, елжанды азаматтардың ерлігін үлгі ете отырып, ұлтжанды, намысшыл, ұлттық тілді меңгерген, тарихын білетін патриот тұлға қалыптастыру

Қазіргі кезде «қазақстандық отансүйгіштік» ұғымына зор мән берілуде. Көп ұлтты Қазақстан халқының отансүйгіштік сезімін қалыптастыратын – азаматтық келісім, ұлттық бірлік. Егемен еліміздің тәуелсіздігін сақтау ұлттық келісім, ішкі үндесім барша халқымыздың ынтымағы мен өзара жарасымдылығында. Туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар – жалпы ұлттық құндылықтар ешкімді де бейтарап қалдырмайды.

Жаңа заманға жігер керек, талаптылық керек, басқа халықтан үйрену керек, ал ең керегі – ұлттық сана қалыптастырып, ұлттық намысы, ұлттық рухы жоғары, ұлтының тарихи-мәдени құндылықтарын бағалайтын саналы ұрпақ тәрбиелеу керек. Біз ата дәстүріне сүйене отырып, халқымыздың өркениетті елдер қатарына жетуін армандаймыз. Ұлттық сезім мен ұлттық намысты, ұлттық рухты көтеру – бүгінгі таңның кезек күттірмес міндеті деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. – 12 сәуір 2017 жыл.
2. Қазақстан Республикасында «Білім беруді және ғылымды дамытудың Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019» жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000205.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010жылғы 7 желтоқсандағы №1118 жарлығы.
4. Жалын республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал. №5 2018жыл, Б73-75.
5. СегізбайАлмагүл «Туғанжер» тәрбиелейді. Современное образования №4 (108) 2017, 42 бет.

ОТБАСЫ – ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ ҮДЕРІСІНІҢ ЖЕТЕКШІ ИНСТИТУТЫ

Сәбитбек Жанерке
ПжП мамандығының 1 курс студенті
Шалгимбекова Алия Батырхановна
педагогика кафедрасының аға оқытушысы
aliabatir@mail.ru
Қостанай қ.

Аннотация

Өзектілігі. Мақсаты. «Жастар саясатының басымдықтары Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев бастама жасаған «Қазақстан – 2050» стратегиясының түйінді мақсаттарының бірі болып табылады. Келешегіміздің келбетті, болашағымыздың баянды болуы бүгінгі жастарға тікелей байланысты». Жас

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

Алғы сөз.....	3
<i>Бережнова Е.В.</i> Система заданий по реализации принципа перехода от обучения к самообучению в профессиональной подготовке магистрантов.....	4

СЕКЦИЯ 1. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР»

<i>Амангельді Ф., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттерінің әлеуметтік белсенді ұстанымдарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары.....	10
<i>Әнуарбек Ә. Ж., Ермаганбетова А. Ж.</i> Заманауи сабақтарда белсенді оқыту стратегияларын пайдалану жолдары.....	16
<i>Бектаева Ә. Б., Утегенова Б. М.</i> Мектепте топтық жұмысты ұйымдастырудың психологиялық- педагогикалық шарттары.....	21
<i>Едрес Т. Н., Ермаганбетова А. Ж.</i> «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде студенттердің ғылыми ізденістеріндегі педагогикадағы өзекті мәселелер.....	25
<i>Жаппар А. С., Хамзина К. Б.</i> Ата-аналардың өлшемді бағалау жүйесін қабылдауы.....	28
<i>Қуаныш А., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттерінің көшбасшылық қасиеттерін педагогика сабақтарында қалыптастыру жолдары.....	31
<i>Макатова А., Қалиев Д. Д.</i> Балаларды әлеуметтендіру мақсатында ақпараттық және коммуникациялық технологияларын пайдалану (акт).....	35
<i>Нұркелді П., Аканбаев Б. Н.</i> Ақпараттық коммуникативтік технологиялардың оқушы денсаулығына оқушы денсаулығына әсерін төмендету жолдары.....	39
<i>Сағындық С. Д., Утегенова Б. М.</i> колледж студенттерінің әлеуметтік бейімделуін педагогикалық басқару жолдары.....	43
<i>Сартаев Р., Қалиев Д. Д.</i> Оқушылардың бос уақытын шығармашылыққа пайдалану.....	47
<i>Сулейменова Г. А., Хамзина К. Б.</i> Бастауыш сыныпта қазақ тілі пәні сабақтарында үштілділікті пайдаланудың өзектілігі.....	50

СЕКЦИЯ 2. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

<i>Жаналинова С. А., Ермаганбетова А. Ж.</i> Заманауи мектептердегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру: назарбаев зияткерлік мектептері тәжірибесінен.....	54
<i>Қайырғали Н., Қалиев Д. Д.</i> «Өз бағытынды тап» бағдарламасы кәсіби бағдарлаудың формасы ретінде.....	57
<i>Қуанышбекова Н., Утегенова Б. М.</i> «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша колледж студенттерінің әлеуметтік жоба құруға педагогикалық қолдау.....	60
<i>Нуржигитова М. Қ., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттеріне патриоттыққа тәрбиелеуде “Туған жер” атты ұлттық бағдарламаның іске асыру жолдары.....	65
<i>Сәбитбек Ж., Шалгимбекова А. Б.</i> Отбасы – әлеуметтендіру үдерісінің жетекші институты.....	70

Умарова Г. С., Жоломанова М. Қ., Хамзина К. Б. Бүгінгі жастардың отбасылық құндылықтар мен салт-дәстүр мектебін сақтау мәселелері..... 76

СЕКЦИЯ 3. «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ В СТУДЕНЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ»

<i>Абдрахманова А.Б., Басанова Ж. М., Иванова Е. Н.</i> Тематический классный час как одна из эффективных форм реализации программы воспитания школьников.....	79
<i>Ажмолдаева М. Д., Иванова Е. Н.</i> Некоторые направления работы социального педагога с семьей, воспитывающей «особого ребенка».....	83
<i>Алимгасинова Г., Лантух Я., Заяц М., Мнайдарова С.С.</i> Портфолио учителя как показатель роста профессиональной компетентности.....	88
<i>Вайленко М. Е., Дзыгало М. А., Бондарь Л. А., Мнайдарова С.С.</i> Технологический подход в обучении.....	94
<i>Вишняк В. В., Иванова Е. Н.</i> Взаимодействие семьи и школы в формировании активной педагогической позиции родителей.....	100
<i>Вишняк В.В., Горбачёва О.С., Мнайдарова С.С.</i> Модель образовательной системы в контексте компетентного подхода к образованию.....	103
<i>Горбачёва О. С., Иванова Е. Н.</i> Некоторые формы реализации направлений воспитания по формированию системы ценностей старших школьников.....	109
<i>Дордый И. О., Кияшко И. А., Молокова А. А., Мнайдарова С.С.</i> Роль лидерства в педагогическом менеджменте.....	113
<i>Жуматова Д. С., Бекенова А. К.</i> Применение информационных технологий как средства интенсификации процесса обучения в вузе.....	120
<i>Жусупбекова Г., Медведок С., Кулагина С., Мнайдарова С.С.</i> Конфликт как явление и феномен социальной сферы жизнедеятельности человека.....	126
<i>Идрисова А. М., Бекенова А. К.</i> Актуальные проблемы педагогики в студенческих исследованиях.....	136
<i>Маусынбаева Д. С., Амединова Ж. О., Мнайдарова С.С.</i> Роль молодежных общественных организаций в казахстане.....	139
<i>Моркель Е. А., Равинская В. А., Фирсова П. А., Мнайдарова С.С.</i> Управление инновациями в современной школе.....	141
<i>Швецов А, С., Самохина И. А., Мнайдарова С.С.</i> Особенности экологического воспитания студентов.....	146
Конференция тұжырымдамасы.....	151
Резолюция конференции.....	153